

## «Сыңғырла, соңғы қоңырау»

25 мамыр – еліміздегі барлық орта білім беру мекемелері үшін ерекше күн. Өйткені, дәл осы күні кезекті оқу маусымы аяқталып, мектеп оқушылары үшін соңғы қоңырау соғылады. Мектеппен қоштасу-мектеп бітірушілердің дәстүрлі мерекесі.

Мектебімізде 1-10 сынып оқушылары үшін онлайн байланыста сынып сағаты өткізілді.

11 сынып түлектері үшін іс-шара дәстүрлі форматта ашық ауада, мектеп ауласында өтті.

Іс-шарада түлектер мектеп формасында болды.



Салтанатты жиын санитарлық талаптарды қатаң сақтай отырып өткізілді.

Әр түлектің тек бір ата-анасы ғана және 6 мұғаліміне келуіне рұқсат берілді. Мектеп аумағында 1,5 метр әлеуметтік қашықтықты сақтауға мүмкіндік беретін таңба салынды. Бетперде режимі сақталды.



Салтанатты жиынның құрметті қонақтары Ақмола облысы әкімінің орынбасары Мусралимова Айна Ермекқызы, Ақмола облысы білім басқармасы бастығының орынбасары Дюйсенова Ботагөз Балапайқызы, білім бөлімінің

басшысы Башарова Дина Уразгалиевна болды. Облыс әкімінің орынбасары барлық түлектерді мектеп бітіруімен құттықтады.

